

Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 350 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 05 тамыздағы
N 915 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 05 тамыздағы N 915 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

14

сәуірдегі

N

350

қаулысымен

бекітілген

Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже өздігінен жүзетін кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру тәртібін айқындайды.

2. Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру

3. Кеме капитандары мен штурмандарға, жер снарядтарының командирлеріне және олардың көмекшілеріне, механиктерге, механиктің көмекшілеріне және жоғарыда көрсетілген лауазымдарды қоса атқаратын тұлғаларға, диплом алу рәсімінен өткен электр жабдықтары бойынша механиктің көмекшілеріне, электр механиктері мен олардың көмекшілеріне диплом (1-қосымша), ал кемелердің старшина-мотористеріне, қуаты 55 кВт-дан (75 а.к.) 110 кВт-ға дейінгі (149 а.к.) кемелердің кеме жүргізушісі-механиктеріне біліктілік куәлігі (2-қосымша) беріледі.

4. Диплом алуға оның тағайындалуына сәйкес осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген тиісті білімі және белгіленген жүзу өтілі бар тұлғаларға рұқсат етіледі. Диплом беруді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің комиссиялары жүргізеді.

5. Диплом беру мақсаты үшін өздігінен жүзетін кемелер, олардың қозғалысын қамтамасыз ететін қозғалтқыш қуатының тиімділігіне байланысты, мынадай топтарға бөлінеді:

1-топ	110-нан	330	кВт-ға	дейін	(150-450	а.к.)
2-топ	331-ден	550	кВт-ға	дейін	(451-750	а.к.)
3-топ	551-ден	850	кВт-ға	дейін	(751-1150	а.к.)
4-топ	581-ден	1620	кВт-ға	дейін	(1151-2200	а.к.)

5-топ 1621-ден және одан артық кВт-ға (2201 және одан артық а.к.)

Жер снарядтары мен жер сорғыштар олардың өнімділігіне қарай мынадай топтарға бөлінеді:

1-топ	өнімділігі	100	м ³	/сағатқа	дейін
2-топ	101-ден	250	м ³	/сағатқа	дейін
3-топ	251-ден	500	м ³	/сағатқа	дейін
4-топ	501-ден	700	м ³	/сағатқа	дейін
5-топ	701	м ³	/сағаттан	жоғары.	

Қуаттылығы 150 кВт-дан (200 а.к.) жоғары жылдамдығын 35 км/сағатқа және одан артық дамытуға қабілетті кемелер жүрдек кемелерге жатады. Білімі және жүзу өтілі бойынша талаптар арнайы бөлімде бөліп көрсетілген.

6. Диплом алу рәсімінен өткен тұлғаларға берілетін дипломда (біліктілік куәлігінде) кеме тобы (су сыйымдылығы, жүрдектігі, жер снаряды) және оған олар тағайындалуы мүмкін қызметтер көрсетіледі.

7. Диплом алуға тиісті білімі бар тұлғалар аумақтық бөлімшеге мынадай құжаттарды:

еркін нысанда жазылған өтінішті;

жеке куәлікті немесе паспортты;
жоғары немесе орта кәсіптік білімі туралы құжатты (дипломды);
жүзу өтілін растайтын құжатты;
денсаулық жағдайы бойынша кемеде жұмыс істеуге жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысын бере отырып жіберіледі.

Диплом беруді өткізу туралы өтінішті уәкілетті орган отыз күн ішінде қ а р а й д ы .

Ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл туралы құжаттарды берген тұлғаға құжаттарды берген сәттен бастап жеті күннен кешіктірмей бұл туралы жазбаша хабарланады.

8. Біліміне сәйкес диплом алуға мыналарға:

барлық топтағы кемелер мен жер снарядтарына - тиісті мамандығы бойынша жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген тұлғаларға;

1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтарына - 2 топтағы жолаушы кемелерінің капитандары, 3-топтағы барлық үлгідегі кемелердің капитандары мен бірінші штурмандары қызметтерінен басқа, тиісті мамандығы бойынша колледжді (училищені) бітірген тұлғаларға;

1-топтағы кемелер мен жер снарядтарына, барлық кеме жүргізушісі, механик, электр механигі қызметтеріне (жолаушы кемелерінің капитандарынан басқа), 2 және 3 топтағы кемелерге үшінші штурман, механиктің үшінші көмекшісі, электр механигінің екінші көмекшісі қызметтеріне; 2 және 3 топтағы кемелерге капитанның көмекшісі (екінші штурманның), механиктің екінші көмекшісі, колледждің (училищенің) күндізгі немесе сырттай оқу бөлімдерінің 3 курсы, ішкі жүзу кемелерінің команда құрамын дайындау жөніндегі курстарды бітірген жағдайда жүк және тіркеп сүйрейдін кемелердің электр механигінің бірінші көмекшісі қызметтеріне;

қуаты 55-тен 110 кВт-ға дейінгі (75 - 149 а.к.) кемелерге арнайы курстарды бітірген және осы кемелерді басқару жөнінде ұзақтығы кемінде 1 ай тағылымдамадан өткен тұлғаларға рұқсат беріледі.

3. Жүзу өтілі бойынша қойылатын талаптар

9. Кеме жүргізушісі, кеме механигі (электр механигі) мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын бітірген тұлғаларға мынадай:

4-топты қоса алғанға дейінгі кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), (электр механигінің) екінші көмекшісі (кемелерді басқару жөнінде кемінде үш ай практикалық машығы бар екендігін ескере отырып) және барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (үшінші штурманы), механигінің (электр механигінің) үшінші

к ө м е к ш і с і ;

командалық қызметтерде 6 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 12 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 2 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 18 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі) және барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 24 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-4 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны (жолаушы кемесінің капитанынан басқа), механигі (электр механигі);

командалық қызметтерде 30 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - барлық топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі) қызметтеріне диплом беріледі.

10. Табиғат жағдайына қарай навигациялық кезеңнің ұзақтығы алты айдан кем болатын өзен бассейндерінде диплом беру кезінде флот қызметкерінің жүзу өтілі алты айға теңеледі. Толық навигацияны өтемеген тұлғаларға нақты жүзген уақыты өтілге есептеледі.

11. Колледждердің (училищелердің) кеме жүргізушісі, кеме механигі (электр механигі) бөлімдерін және су жолдары мен қатынасы бөлімдерін бітірген т ұ л ғ а л а р ғ а м ы н а д а й :

1-2 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі және барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (үшінші штурманы), механигінің (электр механигінің) үшінші көмекшісі (кемені басқару жөнінде кемінде үш ай практикалық машығы бар екендігін ескере отырып);

командалық қызметтерде 6 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-4 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 12 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-2 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі, барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі, 1 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі);

командалық қызметтерде 18 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-3

топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 24 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі); барлық топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), капитанының (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

командалық қызметтерде 30 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны (жолаушы кемелерінің капитандарынан басқа), механигі (электр механигі);

командалық қызметтерде 36 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - 1-4 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны (жолаушы кемелерінің капитандарынан басқа), механигі (электр механигі);

командалық қызметтерде 42 ай бойы жүзу өтілі бар болған кезде - барлық топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі) қызметтеріне диплом беріледі.

12. Колледжді (училищені) кеме жүргізушісі, кеме механигі (электр механигі) мамандықтары бойынша бітірген тұлғаларға мынадай:

1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісін (үшінші штурманын), механигінің (электр механигінің) үшінші көмекшісін қоса алғанда және 1 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының (екінші штурманының), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі (кемелерді басқару жөнінде кемінде үш ай практикалық машығы бар екендігін ескере отырып) қызметтеріне диплом беріледі.

Командалық қызметтерде мынадай уақыт бойы жүзу өтілі бар болған кезде:

6 ай - 1-2 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі және бір топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

12 ай - 1-3 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі, ал капитанның, механиктің (электр механигінің) қызметі бойынша бір айдың ішінде тағылымдамадан өткендерге - 1 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі);

18 ай - 2 топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі;

24 ай - 2 топтағы кемелер мен жер снарядтарының капитаны, механик (электр механигі) қызметтеріне диплом беріледі.

13. Ішкі жүзу кемелерінің команда құрамын даярлау жөніндегі курстарын бітірген тұлғаларға (кемелерді басқару жөнінде кемінде 6 ай практикалық

машығын ескере отырып) мынадай - 3 топқа дейінгі кемелер мен жер снарядтары (сүйретіп тарту және жүк флотын) қоса алғанда капитанының көмекшісіне (үшінші штурманына), механигінің (электр механигінің) үшінші көмекшісіне; 1-топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісіне (екінші штурманына), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісіне диплом беріледі.

Командалық қызметтерде мынадай уақыт бойы жүзу өтілі бар болған кезде:

6 ай - 2-топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механигінің (электр механигінің) екінші көмекшісі және 1 топтағы кемелер (жолаушы кемелерінен басқа) мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі қызметтеріне;

12 ай - 3-топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (екінші штурманы), екінші (электр механигінің) көмекшісі;

18 ай - 2-топтағы кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (бірінші штурманы), механигінің (электр механигінің) бірінші көмекшісі және 1 топтағы кемелер (жолаушы кемелерінің капитанынан басқа) мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі);

36 ай - 2-топтағы кемелер (жолаушы кемелерінің капитанынан басқа) мен жер снарядтарының капитаны, механигі (электр механигі) қызметтеріне диплом беріледі.

14. Жоғары және орта кәсіби оқу орындарын бітірген тұлғаларға, 1-топтағы кемелердің (жолаушы және транзит кемелерінен басқа) капитаны, механигі (электр механигі) қызметтеріне осы қызметтерге тікелей рейсте кемінде үш ай тағылымдамадан сәтті өткеннен, ол капитанның немесе механиктің мінездеме-кепілхатымен расталғаннан кейін, қызметтерге диплом алуға рұқсат берілуі мүмкін. Команда құрамын даярлау жөніндегі курстарды бітірген тұлғаларға сол шарттарда және сол қызметтерге қуаттылығы 225 кВт-ға (300 а.к.) дейінгі кемелерге диплом берілуі мүмкін.

15. Қатардағы құрамның рульші-моторист, электрик, шығыршы қызметтерінде кемінде 12 ай жүзу өтілі бар және жоғары оқу орындарында - 4-курстан төмен емес және орта кәсіби оқу орындарында - 3 курстан төмен емес курстарда тиісті мамандығы бойынша сәтті оқып жүрген тұлғаларға 3-топты қоса алғанға дейінгі кемелер және жер сорғыштар механигінің (электр механигінің) үшінші көмекшісі дипломы беріледі, ал бұрын орта кәсіби оқу орындарын бітірген тұлғаларға, сол шарттарда 3-топты қоса алғанға дейінгі кемелер мен жер снарядтары капитанының көмекшісі (үшінші штурманы) қызметіне орналасуға арналған диплом берілуі мүмкін.

16. Жоғары оқу орындарында кеме механикасы (электр механикасы) мамандықтары және су жолдары мен қатынасы мамандықтары бойынша оқып жүрген студенттерге 4-курстан кейін рульші-моторист, электрик, шығыршы қызметтерінде кемінде 6 ай жүзу өтілі бар болған кезде 4 топты қоса алғанға дейінгі кемелер мен жер снарядтары механигінің (электр механигінің) үшінші көмекшісі қызметтеріне диплом берілуі мүмкін.

17. Колледждердің (училищелердің) кеме механикасы (электр механикасы) мамандықтары және су жолдары мен қатынасы мамандықтары бойынша курсанттары мен оқушыларына 3 курсты аяқтағаннан кейін рульші-моторист, электрик, шығыршы қызметтерінде кемінде 6 ай жүзу өтілі бар болған кезде 2 топты қоса алғанға дейінгі кемелер мен жер снарядтары механиктерінің (электр механигінің) үшінші көмекшісі қызметтеріне диплом берілуі мүмкін.

4. Жүрдек кемелердің командалық құрамының білімі мен жүзу өтілдері бойынша қойылатын талаптар

18. Жүрдек кемелерде командалық қызметтерге орналасуға диплом алуға жоғары немесе орта кәсіби білімі бар тұлғалар жіберілуі мүмкін:

1) ішкі жүзу кемелеріндегі командалық қызметтерде жұмыс тәжірибесі жоқ бірақ жүрдек кемелердегі мынадай қызметтерде жүзу өтілі бар:

капитан көмекшісі (үшінші штурманы) - механиктің үшінші көмекшісі қызметінде 6 ай бойы жүзу өтілі бар - вахтада өз бетінше тұруға құқығы жоқ капитан көмекшісі (екінші штурманы) - механиктің екінші көмекшісі қызметіне;

капитан көмекшісі (екінші штурманы) - механиктің екінші көмекшісі қызметінде 18 айдың 6 айы бойы жүзу өтілі бар - 3 ай мерзімге дейінгі тікелей рейстерде тағылымдамадан өткеннен кейін және сынақ тапсырғаннан кейін тиісті топтағы механиктің бірінші көмекшісі қызметіне;

капитан көмекшісі (бірінші штурманы) - тиісті топтағы механиктің бірінші көмекшісі қызметінде 30 айдың 12 айы бойы жүзу өтілі бар - капитан - механик қызметіне .

2) ішкі жүзу кемелеріндегі командалық қызметтерде жұмыс тәжірибесі бар, тиісті кемеді тікелей рейсте кемінде 1 ай мерзімдегі тағылымдамадан кейін және осы кемеді басқару жөнінде капитан тәлімгерге практикалық сынақ тапсырған мынадай дипломы бар тұлғаларға:

осы қызметте кемінде 12 ай жүзу өтілі бар және 2-топтан төмен емес ішкі жүзу кемелері капитанының көмекшісі (бірінші штурманы) - 3-топтағы жүрдек кемелер капитанының көмекшісі (бірінші штурманы);

осы қызметте кемінде 6 ай жүзу өтілі бар және 3-топтан төмен емес ішкі жүзу кемелері капитанының көмекшісі (бірінші штурманы) - барлық топтағы жүрдек

кемелер капитанының көмекшісі (бірінші штурманы);
осы қызметте кемінде 18 ай жүзу өтілі бар және 1-топтағы ішкі жүзу кемелерінің капитаны - капитанның көмекшісі (бірінші штурманы), ал 24 ай жүзу өтілі бар - 3 топтағы жүрдек кемелердің капитаны;
осы қызметте кемінде 12 ай жүзу өтілі бар және 2-топтан төмен емес ішкі жүзу кемелерінің капитаны - 3-топтағы жүрдек кемелер капитаны;
осы қызметте кемінде 6 ай жүзу өтілі бар және 3-топтан төмен емес ішкі жүзу кемелерінің капитаны - барлық топтағы жүрдек кемелер капитаны қызметіне диплом алуға рұқсат берілуі мүмкін.

19. Жүрдек кемелердің командалық құрамына қызметін жоғарылатпай жоғарғы топтағы жүрдек кемелерге өту үшін диплом беру алдындағы топтағы кемелерде осы қызметте кемінде 6 ай жүзу өтілі бар тұлғалар жіберілуі мүмкін.

20. Осы Ереженің 19-тармағына сәйкес жүрдек кемелердің командалық құрамының дипломын алған тұлғаларға өз тобындағы ішкі жүзу кемелері капитанының көмекшісі (екінші штурманы), механиктің екінші көмекшісі қызметіне диплом берілуі мүмкін.

Жүрдек кемелердің капитаны көмекшісінің (бірінші штурманының), механигінің бірінші көмекшісінің, капитанының, механиктің дипломдары бар тұлғаларға кейіннен диплом беру әрбір қызметте кемінде 6 ай жүзу өтілі болған кезде жүргізілуі мүмкін.

21. Жүрдек кемелердің командалық құрамының механикалық мамандығы бар тұлғалары (немесе кеме жүргізушісі және кеме механигі қызметін қоса атқаратын) механикалық мамандығы бойынша жұмыс дипломдары бар болған кезде және ішкі жүзу кемелерінде жұмыс істейтін тұлғалар ретінде кезекті диплом беруден өткенде ғана жұмысқа жіберіледі.

Кемелер экипаждары
мүшелеріне диплом беру
е р е ж е с і н е

1-қосымша

Д и п л о м ү л г і с і

(Сипаттама)

1. Диплом кітапшасының мөлшері 105x140 мм, оның ішіне 1 парақ орналастырылады. Диплом парақтарындағы жазулар мен бағанға бөлулер қара түсті бояумен орындалған.

2. Диплом тысы көк түсті лидеринмен қапталған қатырма қағаздан жасалған, онда алтын түсті бояумен орындалған мынадай жазулар орналастырылған:

1) жоғарғы бөлігінде - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, оның астында мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай

б а т ы ң қ ы

ж а з у

б а р :

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі"

2) төменде ірі шрифтпен - "ДИПЛОМ" деген батыңқы жазу

3. Тысының ішкі жағында:

1) жоғарғы бөлігінде - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы орналастырылған, оның астында мемлекеттік және орыс тілдерінде:

Д и п л о м N _ _

т е г і , а т ы - ж ө н і

_____ берілді.

3) төменгі бөлігінде, сол жағында - суретке арналған орын, оң жағында - мемлекеттік және орыс тілдерінде:

Кемелердің экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесі негізінде .

4. Дипломның бірінші бетінде мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай жазулар орналастырылған:

_____ жанынан құрылған біліктілік комиссиясы _____

N__ Хаттама

200__ жылғы " __ " _____

Азамат _____

_____ кемелер тобының

_____ капитаны қызметін атқаруға құқылы

5. Дипломның екінші бетінде мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай жазулар орналастырылған:

_____ кемелер тобының

_____ капитаны қызметін атқаруға құқылы

Комиссия төрағасы

М.О.

N__ Хаттама

200__ жылғы " __ " _____

Азамат _____

_____ кемелер тобының

_____ капитаны қызметін атқаруға құқылы

6. Екінші тысының ішкі жағында мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай жазулар орналастырылады:

_____ кемелер тобының

_____ капитаны қызметін атқаруға құқылы

Комиссия төрағасы

М.О.

Кемелер экипаждары
мүшелеріне диплом беру
ережесіне

2-қосымша

(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы)

Біліктілік куәлігі

(ішкі беті, сол жағы)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

N ____

Куәлік

Азамат _____

ішкі суда жүзетін кемелер экипажына диплом беру туралы ереженің және

жанындағы ведомствоаралық біліктілік комиссиясы қаулысының негізінде берілді.

N ____ Хаттама

200__ жылғы " ____ " _____

Азамат _____

(ішкі беті, оң жағы)

_____ өзен (көл) арқылы жүзетін кемелер
т о б ы н ы ң

_____ қызметтерін атқаруға құқылы
Суретке арналған орын Біліктілік комиссиясының төрағасы

_____ Біліктілік комиссиясының хатшысы